

(«Сары орус султан болгону, Саамал ичип кенелдик»), шаруақорлығын өнеге қылады («Карагай экен чарбагы, Катуу экен салмагы»).

Сонымен, қырғыздың айтулы ақыны Арстанбек Бүйлашұлы шығармашылығы хақындағы байыттамаларымызды түйіндер болсақ, оның заманың зар-мұндын бедерлеген өлең-толғауларының бар мазмұны өзінің екі ауыз өлеңіне сияды. Аумалытәкпелі уақыт ауқымында алсақ: «Замана жаман тарыды», отаршылдық дәуір кезеңіне баласақ, «Эми орус зор болду, Кайран қыргыз кор болду». Ақынның поэзиясындағы ұлт мұддесімен үндес ұлы мұрат аталған тұжырымдардан бастау алады.

Әдебиеттер:

1. Кыргыз эл ырчылары [Текст]. - Бишкек: Адабият жана искусство институту, 1994. -180 б.
2. Арстанбек. Ырлар [Текст] / Арстанбек. - Бишкек: КЭ Башкы редакциясы, 1994. - 180 б.
3. Кебекова, Б. Арстанбек [Текст] / Б. Кебекова. - Бишкек: Илим, 1994. - 74 б.
4. Богданова, М. Киргизская литература [Текст] / М. Богданова. -М.: Советский писатель, 1947. - 292 с.
5. Матиев, К. Алп ақындын айкөл музыкасы [Текст] / К. Матиев // Ала Тоо. -1996. - №1.
6. Бегалиева, Н. Арстанбектін өмүрү жана чыгармачылығы [Текст] / Н. Бегалиева. - Бишкек: КМПУ, 1998. - 120 б.
7. Алтымышбаев, А. Очерк истории развития общественно-политической и философской мысли в дореволюционной Киргизии [Текст] / А. Алтымышбаев. - Фрунзе: Илим, 1985. - 152 с.
8. Аманалиев, Б. Социально-политические и философские идеи Токтогула и Тоголока Молдо [Текст] / Б. Аманалиев. - Фрунзе: Кир. гос. издательство, 1963. - 228 с.
9. Айтмамбетов, Д. Культура киргизского народа во второй половине XIX и начале XX века [Текст] / Д. Айтмамбетов. - Фрунзе: Илим, 1967. - 310 с.
10. Қөпейұлы Мәшһұр Жұсіп. Толғамдар [Текст] / Қөпейұлы Мәшһұр Жұсіп // «Егеменді Қазақстан». - 7 желтоқсан. -1991.
11. Сүйінбай мен Арстанбектің айтысы. Китепте: Қазақ әдебиеті. 5 қазан. 2001 жыл.
12. Омаров, Т. XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары. Филологияғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / Т. Омаров. - Алматы, 2007. - 142 б.

DOI: <https://doi.org/10.69722/1694-8211-2025-60-171-188>

УДК: 82.091

Бұлдыбай Анарбай Сагиұлы, филол. ғылымд. докторы, проф.
anarbay50@mail.ru

ORCID: 0000-0003-4889-4421

аль Фараби ат. ҚазҰУ

Алматы ш., Қазақстан

**АРЫСТАНБЕК БҮЙЛАШҰЛЫ МЕН СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫНЫҢ
АЙТЫСТАРЫНА ЖАҢАША ҚӨЗҚАРАС**

Мақалада қыргыз елінің ақыны Арстанбек Бүйлашұлы мен қазақ елінің ақыны Сүйінбай Арунұлұның айтыстарына жаңаша қөзқарасспен зерттеулер жүргізілген. Айтыс өнеріндегі ақындардың талантты, ізденүшлігі, биліктің халық арасындағы атқарған қызметі және орынин

корсетудегі ролі биік екені дәлелденеді. Сондай-ақ, қыргыз ақыны мен қазақ ақынының екі тілде бірдей еркін жырлагандары, олардың ел арасында сақталған шығармаларының жинағы, баспадан шыққан жинақтарына талдау жүргеziледі. Мұнымен қатар, ақындар өмір суреген кездегі қыргыз ханы Ормон, Жантайдың, қазақ төресі Тезектің қызметтерінің ақындардың шығармашылығына әсері талданады. Сонымен қатар ақындардың шығармалары бойынша қыргыз, қазақ галымдарының зерттеулеріне шолу жасалады.

Негізгі сөздер: айтыс, төкпе ақын, қыргыз елі, қазақ елі, шығарма, мұра.

Бұлдыбай А. С., филол. илимд. докт., проф.

anarbay50@mail.ru

ORCID: 0000-0003-4889-4421

аль Фараби ат. КазУУ

Алматы ш., Казахстан

АРСТАНБЕК БҮЙЛАШ УУЛУ МЕНЕН СҮЙУНБАЙ АРУН УУЛУНУН АЙТЫШТАРЫНА ЖАҢЫЧА КӨЗ КАРАШ

Макалада қыргыз элинин ақыны Арстанбек Бүйлаш уулу менен қазак элинин ақыны Сүйүнбай Арун уулунун айтыштарына жаңыча көз карашта изилдөөлөр жүргүзүлгөн. Айтыши оноруңдөгу ақындардың таланттың, изденүүчүлүгүн, бийликтин эл ичиндеги аткарган қызметтың жасана ордун көрсөтүүдөгү ролу бийик экени далилденет. Ошондой эле қыргыз ақыны менен қазак ақынының эки тілде бірдей еркін ырдагандары, алардың эл арасында сақталған чыгармаларының жыйналышы, баспадан чыккан жыйнактарына анализ жүргүзүлөт. Муну менен қатар ақындар жашаган мезгилдеги қыргыз ханы Ормон, Жантайдың, қазақ төресі Тезектің шимердүүлүктөрүнүң ақындардың чыгармачылығына тиігизген таасири талдоого алынат. Ошондой эле ақындардың чыгармалары боюнча қыргыз, қазақ окумуштууларының изилдөөлөрүнө сереп жүргүзүлөт.

Түйүндүү сөздөр: айтыш, төкмө ақын, қыргыз элі, қазақ элі, чыгарма, мұрас.

Бұлдыбай А. С., докт. филол. наук, проф.

anarbay50@mail.ru

ORCID: 0000-0003-4889-4421

КазНУ им. аль Фараби

г. Алматы, Казахстан

НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА АЙТЫШ АРСТАНБЕКА БҮЙЛАШ УУЛУ И СҮЙУНБАЯ АРУН УУЛУ

В статье исследуются новые взгляды на айтыши между поэтом-импровизатором кыргызского народа Арстанбек Бүйлаш уулу и поэтом-импровизатором казахского народа Сүйүнбай Арун уулу. Автор статьи доказывает то обстоятельство, что в искусстве айтыша высока роль таланта поэтов, их стремление к постоянному поиску нового, умению показать службу власти и их место для народа. Также автор анализирует сборники поэтов, опубликованных по произведениям, сохранившимся среди народа. Автор отмечает, что оба ақына умели свободно петь на двух языках. В свою очередь, автор рассматривает влияние на творчество поэтов деятельность кыргызских ханов Ормона и Жантая, правящих в тот период, также казахского правителя Тезека. Также автор анализирует исследования кыргызских и казахских ученых по произведениям упомянутых поэтов.

Ключевые слова: айтыш, импровизатор, кыргызский народ, казахский народ, произведение, наследие.

Buldybai Anarbai Sagyuly, doctor of philol. sciences, prof.

anarbay50@mail.ru

A NEW PERSPECTIVE ON THE AYTYS BETWEEN ARSTANBEK BUILASHULY AND SUINBAI ARUNULY

This article examines new perspectives on the poetic duel (aytysh) between the Kyrgyz poet-improviser Arstanbek Builashuly and the Kazakh poet-improviser Suinbai Arunuly. The research highlights the significance of talent, the poets' relentless pursuit of creativity, and their ability to reflect the role and authority of power within society. It also analyzes the poets' collected works, including folk-preserved pieces and published anthologies. Moreover, the influence of contemporary rulers, such as the Kyrgyz khans Ormon and Jantai and the Kazakh leader Tezek, on the poets' creative output is examined. Additionally, the research provides an overview of studies conducted by Kyrgyz and Kazakh scholars on the poets' works.

Keywords: *aytys, improvisational poet, Kyrgyz people, Kazakh people, work, heritage.*

XIX ғасырдағы ірі айтыс ақындарының шығармаларындағы халықтық, ұлттық, көркемдік, шыншылдық сипаттар өзінен бұрынғы айтыс өнерінен алғып жатқаны сөзсіз. Бұл ғасыр – *суырыт салма әдебиетімізде ақындар айтысының әбден кемеліне келіп, шырқау біккө көтерілген түсі.*

Кезінде академик М. Әуезов «айтыс өнерінің алтын діңгегі» деген бағасын берген Сүйінбай Арынұлының айтыс өнерінде орны ерекше екені сөзсіз. Сондықтан да болар оның шәкірті Жамыл:

Менің пірім – Сүйінбай,

Сөз сөйлемен сыйынбай, - [1.319] деп ұстазына шынайы, қанатты сөздерін арнап, өмір бойы бас ііп өткен.

Сүйінбай айтыстарының XIX ғасыр ақындары айтыстарының ішінде бір төбе жоғары тұруы - бұл оның айтыстарының өз кезеңінде мәнділігі, айтыста халық көніліндегі мәселелерді дәл баса айта білуі мен тіл өткірлігіне тіреледі.

Оз өмірінде Сүйінбай Тезек, Қантарбай, Қатаған, Арыстанбек, Майлықожа, Кескенкеқіл, Күнбала, Уәзипа, Тәтті қызы, Жантаймен айтысып, Бақтыбаймен сөз қағыстырған және біраз мысал айтыстарын шығарған.

Сүйінбайдың Тезек төремен сөз қақтығысы, дидарласуы, Қатағанмен, Арыстанбекпен айтыстары арнайы көніл бөлуді, бұрын айтылып, беріліп келген пікірлерді қайта қарауды керек етеді және Сүйінбайдың Арыстанбекпен ақындық, айтыскерлік сирын терең ашатын дүниелер. Бұлай деп айтып отыруымызға көпшілік зерттеушілер айтыс ретінде қарастырған Сүйінбайдың Тезек төремен дидарласуы айтыстан гөрі сюжетті шығармаға көбірек келеді. Ал осы шығармадағы Сүйінбайдың сөздерін, шығар-маны жеткізуілердің түсіндірүлдерін, шығарманың бас кейіпкері Тезек төреге берілетін талдаулар бүтін ескіргенін тарихи деректер көрсетіп отыр. Осыны Сүйінбайдың Қатағанмен, Арыстанбекпен айтыстарына байланысты да айтуға болады.

Айтыс – өзі әлеуметтік мәні жағынан екі ақынның айтысы деуден гөрі, сол кездегі қоғамдық құрылыш, анық суырып салма ақындар өкілдерінің тартысы, Қатағанмен, Арыстанбекпен айтыстары - Сүйінбайдың сыншылдық тұлғасының толық көрінуі деуге тұрарлық шығарма.

Себебі бұл айтыстар екі ақын сұрақ-жауабы емес, екі биік тұлғаның бір-бірінен өзін жоғары қоюға тырысуышылығы, жыр өнерін жарқыратып көрсете білуге ұмтылу.

Сүйінбай Арынұлының айтыстары сөз болғанда ерекше тоқтала кетуді керек ететін оның қырғыз ақыны Қатағанмен, Арыстанбекпен айтыстары.

Оның Қатаған, Арыстанбекпентайтыстарын талдамас бұрын Сүйінбай мұраларын жеткізушилер, зерттеушілер арасында ұзак жылдар бойы әртүрлі айтылып, жазылып келе жатқан, Қатаған ақын кім, айтыс қашан, кімнің асында, тойында, кімдердің қатысуымен өтті деген әртүрлі пікірлер.

Сүйінбай Арынұлының 2015 жылы шықкан толық шығармалар жинағында айтыстың алты нұсқасы жарияланған. Олар: Ә. Қарғабаев, Ә. Сариев, Ә. Оспанов, А. Даушұлы, М. Әлімбеков және И. Жансүгіров пен Ф. Ғабитова Бейсенбайдан жазып алғып, жариялаған нұсқаласы. Бірде Қатаған, бірде Арыстанбек айтысы болып жүрген нұсқа алтыншы болып қосылады.

Сүйінбай мұраларын зерттеуши ф.ғ.д., профессор С. Садырбаевтің: «Қатаған – қырғыз елінің атақты ақыны. Қатаған туралы әдебиетте екі түрлі пікір бар: бірінде оның шын аты Арыстанбек еді деп айтады. Арыстанбек Бұйлашұлы 1828 жылы Шон Нарын деген жерде туған, руының атымен Қатаған деп аталып кеткен.

Ол 1882 жылы 54 жасында Чышқан деген жерде кайтыс болған, - [2,115] деп жазса, Қатаған Арыстанбек ақын дегенді 1935 жылы Сүйінбай өлеңдерін жариялаған И.Жансүгіров те, 1937 жылы осы екі ақынның айтысын Жамбылдан жазып алдым деген жыршы Ә.Қарғабаев та, Сүйінбай жинақтарына түсінік жазған журналист Е.Естаев та, жинап тапсырған халық ақыны Ә. Сариев, Ә. Нұрлыбайұлы да, зерттеу жүргізген профессорлар, С. Дәүітов, С. Негімов, Б. Сманов та айтқан.

Бұл туралы ф.ғ.д., профессор Б. Ыбраіым: «Сүйінбай мен Арыстанбек айтысты ма, әлде Сүйінбай мен Қатаған айтысты ма деген сауал қазактың да, қырғыздың да әдебиеттану ғылымиында әлі толық анықталып, бұлтартпас дәлелдермен тиянақталып болған жок», - [3] деп түйіндейді.

Қазақ-қырғыз ауыз әдебиеті байланысын зертеген, ф.ғ.к., ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері Батима Кебекова: «Сүйінбаймен айтыскан Қатаған мен Арыстанбек екеуі екі ақын. Айтыстарын жазып алушылар бір-бірімен шатастырып жібергені қынжылтады», - [4] десе, академик А. Акматалиев Сүйінбайдың 200 мерекесіне арналып өткен ғылыми конференцияда осы пікірді айтқан еді.

Негізінен қырғыз ғалымдарының көпшілігі біздің қазақ ғалымдары секілді көпке дейін Қатаған мен Арыстанбек бір ақын деп келгенімен бұл екеуі екі бас- қа ақын екенін Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысының қырғызша нұсқасында нақты айтылған. Онда Сүйінбай Арыстанбекке:

Тура жыйырма бес жасымда,
Аллыбайдын асында,
Ормон, Жантай, Боромбай,
Жақсыларың басында,
Тезек төре, Бөлтірік,
Бұлар болды касымда.
Жоғары-төмен тартысқам,
Көпті көрген Қатаған
Көп ыршыны матаған...

Онда Арыстанбек, кайда едін? - [5, 401] деп, нақты сұрау беріп тұр.

Сондай-ақ осы жерде тағы да бір нақтылай кететін нәрсе айтыстың Аалыбайдың асында, Сүйінбайдың тура жырма бес жасында өткендігі. Бұл Сүйінбайдың туған жылы 1815 жыл емес, көптеген деректерде айтылып жүрген 1825-1826 жылдарға келеді. Ал Арыстанбекпен айтыс 1853-1854 жылдары, Қатағанмен өткен айтыстан кейін бір жылдан асқан соң көп ұзамай өткен.

Сүйінбай мен Қатаған айтысының бізге белгілі алты нұсқасы бар. Тек оның Ә. Қарғабаевтан жазып алған нұсқасы күмәнді. Біріншіден тапсыруышы айтыс 1873

жылы Орман ханның асында өтті дегені қисынға келмейді. Біріншіден Орман хан 1854 жылы қайтыс болған, екіншіден, 1868 жылдан бастап басынан бағы, астынан тағы тайған Тезек төренін 1873 жылы айтысқа қатысуы мүмкін емес және айтыста 1854 жылы қаза болған Орман ханға қарата айтылатын мәтін- дер бар. Тарата берсек нұсқада мұндай тарихи сәйкессіздіктер мол.

Сондықтан біз Сүйінбай мен Қатаған айтысының Ә. Сариев жеткізген нұсқасын талдауды жөн көрдік. Сөз ыңғайы келгенде айта кететін бір мәселе Сүйінбай мұраларын жеткізушилер ішінде осы Ә. Сариевтің қолжазбалары құнды екенін айтқан ф.г.д., профессор Х. Сүйіншәлиевтің пікіріне көніл аударған жөн тәрізді.

Профессор, ф.г.д., М. Жолдасбеков: «Жетісу ақындары мен қырғыз ақындары сан айтыстарда бір-бірімен сынаса жүріп, екі тілде бірдей жырлап, екі тілге тел перзент бол өсіп толысады. Майкөт, Бақтыбай, Сүйінбай, Бөлтірік, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Кенен, Үмбетәлі, Өмірзақтар қырғыз тілінде де жосылған жүйрік танылса, қырғыздың Қалмырза, Төкпе, Тогалақ, Халық, Оспанқұл сияқты көптеген өнерпаздары да қазақ тілінде кедергісіз жыр төккен», - деген пікірі қазақ-қырғыз төкпе ақындарының, жырышылар мен жомоқшылардың тығызы байланыста болғанын көрсетеді [6, 232].

Сүйінбайдың Қатағанмен айтысының өткен жылы 1852 жыл деген тоқтамға айтыс туралы пікір айтқан ғалымдардың барлығы дерлік келіссе, айтыс қайда, неге байланысты өтті дегенге келгенде пікірлер әртүрлі.

Сүйінбай мен Қатағанның айтысы туралы профессор С. Садыrbайұлы: «Асылы, бұл айтыстың өтілу тарихын әркім әрқалай баяндайды. Мәселен, Жамбыл Сүйінбай мен Қатаған Орман ханның анасына арналған аста айтысыпты десе, Жамбылдың шәкірті Ә. Қарғабаев аталған екі ақынның бұл айтысы қырғыз- дың шоң манабы Алыбайдың асында айтылған деп түсіндіреді [7, 6].

Айтыстың Аалыбайдың асында, Сүйінбайдың жиырма бес жасында, өткендігі Сүйінбай мен Арыстанбек айтысының қырғызша жарияланған нұсқасында анық айтылған.

Теренірек зерделеп қарағанда айтыс Аалыбайдың асында болғаны нақты. Себебі 1842 жылы Істық көлдің жағасындағы Куммалды деген жерде, қырғыз руладының күрүлтайында, Боранбай манап жасының келгендейгін айтып хандық сайлауға түсуден бас тартқан соң хандық атаққа Орман хан ие болған.

Орман Ниязбеков Талас өнірінде 1792 жылы туып, 1854 жылы қайтыс болған. 1847 жылы сәуір айында Орман хан Майтобе-Кеклікті-Сенгір деген жерде Кенесарының отыз мың әскерімен соғысып, Кенесары мен Наурызбайды біраз батырларымен тұтқынға алып, кейін Орманханның ең сенімді серігі Жантай қа- зақтың ханы мен қызынан өлтіріп, Кенесарының басын Сібір генерал-губернаторына алып барып сыйға тартқан. Бұл үшін Орман хан мен Жантайды патша алтын медаль және алтындал кестелеген шапанмен сыйлап, Кенесары мен серіктерін тұтқынға алды деген қырғыздың он үш сарбазына да алтын медаль берген.

Орман хан 1853 жылға дейін Қырғыз хандығын сақтау үшін Қоқан хандығы мен қазақтарға карсы патшалық империяның қолдауына сүйенген.

Кенесарыны өлтіріп патша өкіметіне жаққан қызметін пайдаланып қалу және өзінің қол астындағы жерді кеңейту үшін 1853 жылы патша өкіметінен егер Жетісүдің Шелек, Шарын елді мекендерін қырғыздарға берсөніз Рессейдің қол астына кіреміз деген талап қойған. Ол өтініші орындалмаған соң қырғыздың Байсоорун (Семёнов шатқалы) елді мекеніне барып қоныс тепкен [8, 6.]

Сонымен қатар Сарыбағыш руынан шыққан Орман ханның Бұғы руынан шыққан, қазақтармен үнемі қатар отырған, жаз айларында Текес өзені мен Кеген жайлауларына

дейін көшіп-қонып жүрген, кезінде Ш. Уәлиханов, Семёнов-Тянь-Шанскийге көмек көрсеткен Боромбай Бекмуратұлымен де билік, жер мәселесіне байланысты келіспеушілігі болған. Бұл келіспеушілік Орман ханың Ыстық көлде Боромбай ие болып отырған жерлерді өз билігіне алу мақсатында соғыс ашумен және өзінің тұтқынға түсуімен аяқталады.

Боронбайдың Орман ханды тұтқыннан босатпақ болғанын естіген, кезінде Орман хан ұры деп, алты ай тұтқында ұстап, құлағын кескен, Боронбай манап Орман ханға үлкен айып төлеп әрең құтқарған Балбай батыр Ормон ханды тірі жібермес үшін ат үстінде отырған жерінен найзамен шашып өлтірген. Ормон ханың өлімі туралы Семёнов-Тянь-Шанский: «Қолында тұтқында болған Орман ханды Бұғы руына қарсы соғыс ашпаймын деген сөзін алып Боронбай босатпақ болады. Мұны естіген Ормон ханда кегі бар Балбай батыр оны ат үстінде отырған кезінде найзамен жаралайды. Осы жарадан Орман хан Боронбайдың баласы Омурзактың (Орман ханың қүйеу баласы) киіз үйінде, үй иесінің әйелі, өзінің сүйікті қызының қолында қайтыс болды», - деп жазды [9,36].

Орман ханға бұлай толығырақ тоқтап отырғанымыз біріншіден Талас, Шу өніріндегі шешесіне Орман ханың Ыстық-Көлде ас беруі сенімсіз, екіншіден 1847 жылды туысын өлтіріп, басын кесіп патша өкметіне сыйға тартқан Орман хан қанша ас берсе де оған Тезек төренің келуі, беті барып Орманханың шақыруы мүмкін емес. Сондықтан да айтыс Аалыбайдың асында, Ыстық-Көлде өткен. Біз қанша ізdegенімізben Аалыбай манап туралы дерек таппадық, бірақ Аалыбай Боронбай манаптың Ыстық-Көлдегі негізгі серіктерінің бірі болған.

Орман ханға мойын ұсынбаған, қырғыз бен қазаққа сөзін өткізген Боронбай манап кім десек тарихи құжаттар ол туралы былай баяндайды.

Боромбай Бекмуратұлы 1870 жылды Ыстық-Көлде туып, 1858 жылды сонда қайтыс болғанған. Бұғы руының бас манабы.

Жас кезінен өзінің акылдылығы, ұйымдастырушылығы, алысты болжай білушілігі мен есеппен жүре білетінділігімен және шешендігімен көзге түскен.

Ыстық-Көлдің бас манапы Бирназар қайтыс болған соң Боронбай бас манап болып сайланған.

1816 жылды Алим хан билеген уақытта Қоқан басып алған Онтүстік Ыстық-Көлді қайтару мақсатында қоқандықтарға қарсы көтеріліс ұйымдастырады. Боранбай жасақтары Қарақол, Барскоон камалдарын басып алып, қоқандықтарды өз жерлерінен қуып шығады.

Бұл Боронбайдың абырайын асырып Рессей, Қытай елдерімен елшілік байланыс орнатуға мүмкіндік беріп қана қоймай, алтын кездік, алтынмен жалатқын қызыл шапан, яғни Ыстық-Көл, Текестің басқарушы сұлтаны деген белгісін алуға да жол ашады. Қоқан, Бұқар, Қытайдың кейбір құжаттарында Боронбайды: «Ыстық-Көл, Текес сұлтаны, Бұғы руының бас және занды билеушісі» деп жазады [10, 8.]

Осыдан кейін Бұғы руының жері орыс патшасының Онтүстік Азиямен байланысының күре тамырына айналады. Ш. Уалихановтың да Қашқар сапарын осы Бұғы руының жері арқылы басталғаны да осыдан.

Сарыбағыш руы мен қоқандықтарға карсы тоқтаусыз қақтығыс Боронбайдың руын әлсірете бастаған соң 1844, 1848, 1853 жылдары ол патша үкметіне өз руын патшалық Рессейдің қол астына алуын сұрап бірнеше рет елші жібереді. Бұл өтініш тек 1855 жылдың 15 қаңтарындаған орындалады. Бұл кезде Боронбайдың жиырма мың сарбазды құрайтын күшті сарбазы, он бір мың кийіз үйден тұратын халқы, жұз мың жылқысы болған. [10]

Ақыл мен құлық, аброй мен батырлық бір бойына жиналған Боронбай Орман ханмен арасы сұыса бастағанда туысы Аалыбай манапқа ас беріп, оған қазақ сұлтанын,

бilerін алты ай бұрын шақырып, Кенесары қазасынан кейін шиеленісіп кеткен екі ел арасын қайта жақыннатуға тырысқаны сенімді. Сондай-ақ қоқан мен орыс, қытай билігі арасында өзінің саясатын жүргізіп отырған Тезек төреге де көптен бері аралас құралас болып келген, Ыстық-Көлдегі ықпалды манап Боронбаймен байланысын бекітіп, тіл табысу керек болған.

Сөз реті келгенде айта кетейік бұл байланыс 1856 жылдары Сарбағыш руы Орман ханның құнын сұрап Бұғы руымен араздасып Тезек төренің алдына төрелік сұрай келгенде Сарбағыштарға: «Атам Кенесарының өліміне құн төлеп пе едіндер?», - деп төрелікті Бұғы руының пайдасына шешуге де әсер еткен секілді.

Сүйінбай мен Қатаған айтысын ұйымдастырып отырған Боронбай манап – жай манаптың бірі емес, ханмен тересесі тен айтқанын орындана алатын тұлға.

Сүйінбай мен Қатаған айтысы – басқа айтыстарға қарағанда ерекше, қазіргі сәзбен айтсақ классикалық айтыс. Айтыскер ақындар бұл айтыстың бұрынғы айтыстарынан басқаша айтыс боларын сезіп үлкен даярлықпен, халық, елді билеген төре мен билер алдында жауапты сезіп келген. Бірақ Қатаған Сүйінбайдың келгенін білсе, қырғыздар Қатағанды айтысқа дейін Сүйінбайға да, қазактарға да білдірмей жасырын ұстаған.

Айтыс Сүйінбайдың қырғыз манаптары мен батырларына сәлем беруінен, көніл айтуынан басталады.

Жүйріктер жеткізбейді қою шаңға,
Қосылар қырағылар қашқан анға.
Хан Жантай, Қара Бәйтік, Этекене,
Келіп ем сәлемдесе Орман ханға [5, 157].

Бұл бастау Сүйінбай жинақтарында түрлі өзгерістермен жарияланып келген. Ақынның 1975, 2010, 2014 жылдарда жарияланған жинақтарында бұл сәлемдесу бес шумақ болса, 1990 жылғы жинақта үш шумақ. Бірақ 2010 жылғы жинақта бесінші шумақ басқаша өзгерілген.

Ақын неге Жантайды хан деп отыр, негізінде қырғыздардың 1842 жылы сайлаған ханы Орман ғой деген деген оймен тарихи деректерді қарағанымызда Жантай Карабекұлы 1794 жылы Нарында туып, 1868 жылы қайтыс болғанын, өмірде оны қырғыздар бірде батыр, бірде хан деп атағанын, Жантай Орманды хан сайлауға бар күшін салғандығын көруге болады.

Сондай-ақ, 1840 жылы Туюк-Булун деген жерде туып, Ыстық-Көлдің Күнгей-Аксуында, Чон-Кеминде (Тар-Суу) бесінші сәуір 1912 жылы қайтыс болған атақты Шабдан манаптың әкесі екенін таптық.

Сарыбағыш руының манабы болғандығы және 1854-жылы Ормон ханының өлімінен соң Жантайдын билігі күшейген. Орыс әкімшілігінің сеніміне кіріп, оны өз пайдасына барынша пайдаланған.

Жантай Орман хан өлген соң қырғыз руларын бастап орыс әскерімен бірге қоқандықтардан қырғыз елін босатуға, тіпті Ұзын-Ағаштағы соғысқа да қатысып, баласы Шабданға билікке жол ашып берген.

Сүйінбайдың сөзін бұза-жара жыр төккен Қатағанының жыр жолдарынан оның төкпе сазын естімей-ақ зор дауылдың, ерекше екпіннің күшін сезуге болады. Ол жай сөз емес басына тиген оқыс соққыдай есенгіретіп тастайтын:

Сүйінбай, тоқтат сөзінді,
Ояйын ба көзінді!
Ақынмын деп ойлайсың,
Мен тұрғанда өзінді, - [5, 159] деп келетін сөздер.
Қатаған мұнымен тоқтап қалмайды Орман хан, Бәйтік бегі бастаған қырыздың

бетке ұстар мықтыларын айта келіп, ақындарға тән салтпен:

Қатағанға, Сүйінбай,
Ұрындың келіп қайтадан.
Қырғыздан шыққан жүйрікпін,
Құс мойынды, қоян жон,
Тұлпардан туған жатаған, - деп өзін бір көтеріп алып:
Менің атым Қатаған.
Қоңырбөрі асында,
Бес жүз жылқы матаған
Қазақ-қырғыз таңырқап,
Қатаған шайыр атаған, - [5,185] деп өзінің осал ақын еместігін білдіреді.
Қатағанның осы жыр шумактары Сүйінбай ақынның 2010 жылғы шыққан жинақта жолдары, шумактары қысқарып, сөздері өзгертіліп, кей жерлерде шумактардағы жолдар ауысып кетіп отырған.

Мұндай өзгерістер көп болғандықтан оны кеңірек талдау негізгі зерттеу нысанынан ауытқып жіберетін болғандықтан оны кейінге жеке текстологиялық жұмыс жасайтын зерттеушілер үлесіне қалдырыдык.

Қатағанның дауылдай тәкпе жыры, онды-солды сілтеген қомызы Сүйінбайды, оны ғана емес Сүйінбайдың тілеуін тілеп отырған бар қазақты абыржытып тастағанын:

Қашырма, төрем, қанынды!
Кіргізейін жанынды.
Қатағаннан жеңілсем,
Талап алғын малымды.
Іздегенім осы еді,
Өз-өзінен қағынып,
Қатаған сөзден жаңылды,
Қызып тұрған темірге,
Өзі келіп қарылды, - [5,188] деген жыр жолынан көруге болады.

Сүйінбайға, қалың қырғызың ортасында, қырғыздар керемет ырчы деп санап, қазақтарға білдірмей алып келген, қырықтан асқан жасында талайды сүріндірген Қатағандай дарынды ақынмен айтыса кету оңай емес еді. Сондықтан да сырын көп білмейтін қарсыласының өзіне керек осал тұсын таптайынша көсіле сілтемейтін Сүйінбай Қатағанның өзі бастаған, қарсыласына сес көрсету әдісімен:

Алмас құрыш қылышпын,
Алтыннан соққан сабымды.
Наркескенге жолықтың,
Шашармын судай қанынды!
Қабағын шытса Сүйінбай,
Тарту қылып тартарсын,
Қойныңдағы жарынды...
Ұяты жоқ Қатаған,

Жүрегің не ғып қабынды, - [5,197] деп өзінің де осал ақын емес екенін, бүтін Қатағанға да оңай болмайтынын бір сыйрап өтеді.

Бірақ Қатағанды ұстайтын жер жоқ. Кезекті көп күтірмей қарсыласына бұрады.

Қатаған не айтар екен дегендей құлак салады. Қатаған да бұл әрекетті балуандардың бір-бірін андыған әрекеті секілді екенін түсініп:

А, Сүйінбай, Сүйінбай!
Бұл айтқаның көп емес,
Ештемеге сеп емес.

Белгілі кептен қозғалық,
Құр бекерге қиқулап,
Аузымыздан тозбалық, - [5, 59] деп Сүйінбайдың бетін өзіне қаратып алып:
Шоңдық кімде, Сүйінжсан,
Байлық кімде, Сүйінжсан,
Көптік кімде, Сүйінжсан,
Беглік кімде, Сүйінжсан?
Шоңдығымды айтайын!

Байлығымды айтайын,
Көптігімді айтайын,
Бектігімді айтайын! - [5, 167] деп қырғыздың Орман ханы, манаптарын, олардың байлықтарын бір шолып шығып қырғыз руларын дәріптеуге ауысады.

Сүйінбай Қатағанды ұстар жерін енді табады. Байлық деген кімде жоқ, бүгін бар да ертең жоқ. Ол Сүйінбай білетін тақырып. Бектік деген біреуде бар, біреуде жоқ. Қатаған өз аузынан қағындың, екі ата қырғыз қалың қазақтан көп пе, тындағын:

А, Қатаған, Қатаған,
Қатаған тәуір ақын деп,
Мұның несін атаған!
Көптігінді білемін,
Екі атанаң ұлысың,
Жаралған жанның бірісің,
Мен шынымен сөйлесем,
Жұртта қалған иттей боп,

Ку далада ұлырсың, - [5, 170] деп бір желпініп алған Сүйінбай қазақ елінің рулары, олардың қасиеті мен қадірін, сол рулардан шыққан билер мен батырларды тоқтамастын жырлап кетеді.

Жырды тоқтататын тылсым күш қайда? Қазақтың бар жақсысы мен жайсаны, рулардың аруағы Сүйінбайды қолдап кете барды.

Қазақ руларын айтып жырлай жөнелгенде Қатаған ғана емес, Қатағанға Сүйінбай туралы бар мәліметті жеткізген манаптар да өздерінің Қатағанға қазақ рулары туралы мол дерек бермегеніне өкінген тәрізді.

Қатаған қазақ рулары туралы толық мәлімет алса ол тақырыпқа жолар ма еді? Ол аз болғандай Сүйінбай:

Шала сөйлеп шаңқылдап,
Қараттың жерге манапты.
Бағын бастан ұшырып,
Хандарың отыр қысылып.
Көппін деп маған айтпай-ақ,
Баймын десен жетпей ме?! - [5, 172]

желкелей түседі. Бұдан ары айтыстың мәні жоқ, Қатағанның айтатын сөзі жоқ. Ол да өз елінің мәрт ақыны, женілгенін түсінді.

Семсер тілмен сермескен екі ақынның тілі өткір, танымы тапқыр, женіске деген құлшыныстары да жігерлі, айтыстың сөзі де, желісі де шымыр, тастүйін жинақы, тау суындаи карқынды, екпінді болғанымен бұл айтыста Қатаған жүйелі сөз қисынан жаңылғандықтан аталы сөзге тоқтап, уәжге жығылады.

Сүйінбай осы айтыста тағы да өзінің озық ойлы, өткір тілді, сөзді астарлы оймен көркем жеткізе білетін ақын екенін дәлелдей білді.

Топ бастаған бұлбұлмын,
Сөз бастаған жүйрікпін,

Судан шыққан сүйрікпін,

Бәйгеден озған дүлділмін, - деп, Сүйінбай Қатағанның мысын басып, қанатын қайырады.

Қатаған бір сөзінде өзін алмас болат қылышқа баласа, Сүйінбай өзін жай алмас құрыш қылыш емес, сабы алтыннан соқкан қылыш екенін айтады. Осылай Сүйінбай өз деңгейін биіктете, айбынын асыра түседі.

Карсы шапқан қырғыға,

Ажалы жеткен торғайсын,

Ажалы жеткен қарғасын,

Бұркітпенен ойнадын,

Жауған қардай борайын,

Алды-артынды орайын, - деп, Қатағанның дауыл тұрғандай аптығын басады.

Қара Бәйтік жеңісті Сүйінбайға берді, Кенесарымен соғыста қырғызды жеңіске жеткізген қазақтың ала ауыздығы екенін Жанатай батыр тағы бір есіне алып, Қатағанға: «Қазақ ала ауыз ел, соны неге айтпадың, Қатаған», - деп ашуланып шығып кетеді.

Бәйтік Қанаев қазіргі Бишкек қаласының Алаарча елді мекенінде 1822 жылы туып, 1885 жылы сонда қайтыс болған. (Қара Бәйтік) Солто руының шоң манабы, 1867 жылы С-Петербургқа, патша сарайына қырғыздың жеті руының атынан барып III дәрежелі Әулие Станислав орденін мен гаухар көзді жүзік алған. 1868 жылы 13 қыркүйекте Солто руының болысы болып сайланған.

Сүйінбай мен Қатаған айтысы туралы ой пікірді түйіндей келгенде айтыстың логикалық, композициялық шешімі осы екені көреміз. Ал айтыстың соңына Сүйінбайдың тілегін, Мейіз қызды қосу (1990, 2010, 2014 ж. басылымдар) бұл кейін қосылған қоспа, яғни Сүйінбай Арыстанбекпен айтысынан алынған жыр жолдары. Сондай-ақ Қатағанның: «Қоңырбөрі асында» (1975 ж. «Қоңырбайдың асында») деген жыр жолы да ойлануды керек етеді. Шамасы бұл айтыс Қоңыр-бөрік елінде, Албаның бір атасы өткізген аста болған тәрізді. Себебі Қатағанның бұдан аргы жыр жолында:

Қазақ, қырғыз таңырқап,

Қатаған шайыр атаған,-

деген, яғни айтысты тындаушы қазақ, қырғыз екені нақты айтылған. Сондай-ақ ежелден келе жатқан бөрі тотеміне байланысты Албан руының Қызылбөрік және Қоңырбөрік аталарының ежелгі атауы Қызылбөрі, Қоңырбөрі болғанын п.ғ.д., профессор Т. Баймөлдаев «Мұқагали» журналында жазған да еді.

Тағы бір ойлануға тұратын, көп жылдар қазақ, қырғыз ғалымдарын Сүйінбаймен айтысқан Қатаған деген ақын бар ма деп дауға қалдырған мәселе Қатаған қандай ақын, ол туралы неге дерек жоқ деген сұрақ. Біздінше оның бір ұшы Жантай ханға барып тіреледі.

1852 жылы өткен Сүйінбай мен Қатаған айтысында 1847 жылы сәүір айындағы қырғыздармен соғыста қолға түсіп, өлтірілген Кенесары мен Наурызбай оқиғасы, оқиғаның басты кейіпкерлері Орман хан мен Жантайдың және Кенесарының туысы Тезек төре отырғанына, сондай-ақ ол қырғынды асқа қатысып отырғандардың барлығы білгенімен Кенесары мен Наурызбай өлімі туралы екі ақын да жақ ашпайды. Шамасы бұл сол кездे Ыстық-Көлде ықпалы зор Боронбай мамаптың екі жаққа да қойған талабы секілді. Қолынан биліктері кете бастаған Орман хан мен Жантай батырға қазақтармен жауласу онша ұтымды болмаса, енді ғана Ұлы жүздің бар билігін қолына жинай бастаған Тезек төреге де қырғыз манаптарымен араздасу керек болмағандықтан екі жақ та Боронбай талабына мойын ұсынған тәрізді.

Жантай батыр үшін қазақтан тағы бір рет есе қайтару, ол Тезек төренің алып келген ақынын жеңіп, масқара ету еді. Оның бұл ойы орындалмады. Осыдан кейін

Жантай манап Қатаған тағдырын шешкен, яғни ақын ретінде еш жиынға қатыстырмаған секілді. Сүйінбайдың көрегендікпен айтқан:

Шығарма, Қатаған үнінді,

Есіне сақта құлаған,

Қанатың сынған күнінді, - деген жыр жолдары шынында да Қатағанның қанатының сынған, басынан бақыты тайған күн болған секілді.

Осылай Шоң Нарында туған дарынды да, талантты, дауылпаз ақын Қатаған Нарын манаптарының құрбандығына айналып, аты белгісіз болып, еліне сыймай біраз уақыт қазақ ішінде өмір сүріп, кейін Істық-Көлге келіп қайтыс болған.

Кейінгі кезде жарияланып жүрген қазақ ақыны Бақтыбай Жолбарысұлы айтысатын Қатаған деген ақын бар.

Айтыс мәтініне көз жүгірсек Бақтыбай оны қырғызға сіңген қазақ деп жырға қосады. Сондай-ақ Қатағаның жасы келген кәрі екені де тілге тиек етіледі. Егер Сүйінбайдың айтысқан [Қатаған](#) осы болса онда ол – өмірдің соққысын жеп қазақ ауылдарында жүріп, Нарыннан Істық-Көлге келіп дарыны мен арынынан айырылған ақын.

Сүйінбайдың айтыс өнерінде шеберлігін көрсететін тағы бір айтыс – Сүйінбайдың да, Қатағаның да атын алты алашқа таратқан сөз сайысы. Айтыстың нақты нұсқасы деп 1990, 2014 жылдардағы ақын жинағына жарияланған нұсқаларды айтуға болады.

Сүйінбайдың айтыс өнерінде шеберлігін көрсететін тағы бір айтыс қырғыз ақыны Арыстанбекпен айтыс.

Сүйінбайдың Қатағанмен айтысқаннан кейін бір жылдан аса қырғыздың тағы бір таланты, суырып салма ақыны, шебер комузшысы, талай дастанды жатқан ыршысы, қомузшысы Арыстанбек Байлошұлымен айтысқан.

Бір жылдан соң, яғни 1853 жылы айтысты деп отырғанымыз айтыс мәтінінде айтылатын Орман хан 1854 жылы Боранбай манаптың қолына тұтқынға түсіп, төрт-бес ай тұтқында болып, Балбай батырының найзасынан қайтыс болады.

Бұдан дейін, яғни 1953 жылы Орман хан патша билігінен қазақ жері, Шелек пен Шарынды өзіне беруді сұрап хат жазып, колдау таппаған соң Боранбай манаптың иелік ететін жерін басып алмақ болып, соғыс ашып, соңы оның өліміне алып келгенін жоғарыда айтқан едік. Айтыс өткен кезде Орман хан мен Боранбай манап арасы, екеуі туған құда болғанына қарамастан, құдалықтан гөрі дүшпандыққа айнала бастаған кез еді. Сондықтан да Боранбай бір жағы қазақ төресі мен билерімен тығыз араласу үшін әкесінің асына шақырса, екінші жағынан Кенесары мен Наурызбай батырдың өліміне кінәлі Орман хан мен Жантай батырды қазактардың алдында әшкере етуді де ойлаған секілді. Оған мысал Қатағанмен айтыста бір ауыз айтылмайтын қазақтың қос боздағының өлімі қырғыздан болғанын, казақ үшін аброй Абылай ханға байланысты кейбір ұнамсыз деректерді Арыстанбектің осы айтыста қозғауы.

Арыстанбек пен Сүйінбайдың айтысы Жетіөгіздегі (Жеті өзен) Боранбай манаптың әкесіне берген аста өткен. Бұл аста да дәстурлі ат жарыс, палуан құрес, найзамен сайыс, жамбы ату өтіп, ақындар айтыс болған.

Бұл асқа Тезек төре, Сүйінбайдың Сыпатай батыр, Істық Бөлтірік шешен және т. б. қазақтың белгілі ру басылары, билер, батырлар қатысады.

Сүйінбайдың мен Арыстанбектің айтысы қырғызша Бишкекте бірнеше мәрте жарияланды (Арыстанбек. Ырлар. -Бишкеқ, 1994).

Қазақ тілінде бұл айтыс Б. Әбілдаұлының алғы сөзімен 2001 жылы «Қазақ әдебиетінің» 5 - қазан, № 40 санында жарық көрді.

Арыстанбек Сүйінбайдың басқа қазақ ақыны Қаңтарбаймен, қырғыз ақындары Таластық Чонду, Қаркарада Женижок (Өте) Көкөұлы (1860-1918) ақындармен айтысса, Ормонұлы Сейилкандымен күй жарысына түскен.

Сүйінбай мен Арыстанбек айтысын терең түсіну және Арыстанбек ақынның ел айтып жүргендей Қатағанға еш қатысы жоқ екеніне толық көз жеткізу үшін Арыстанбектің өмір тарихына байыппен көз жіберу қажет.

Арыстанбек Бойлошұлы 1824 - жылы ІІстық-Көл облысының Сыртты атты жерде туған. Шебер қомузшы, сұрып салма төкпе ақын, сазгер болған. Бұғы руының Тынымсейт атасынан. Қатаған руынан емес және Нарында тумаған.

Әкесі Бойлош би екі әйел алған. Бәйбішесінен бес бала, тоқалы Төрөханнан екі бала көрген. Арыстанбек тоқалдың баласы. Әкесі Бойлош би ертерек тоқалы Төрөханды бала - шағасымен «салбар» жасап тастайды.

«Салбар» – қырғыз елінің бай, манаптарының әйелі мен балаларына әйелі- нің жасаған кінәсі, немесе қүйеуінің әйелінен көнілі сұығанды оқшаулап, көмек бермей қоятын дәстүрі болған. Бірақ талақ қылышп bosatpaғan. Ел көшсе көше алмай, жейтін тамақ таппай, малмен араласып қу тіршілік көреді. Сондықтан да Арыстанбек жастайынан қой мен қозы бағып, өмірдің қындығын көріп өседі. Бұл Сүйінбаймен айтысында толық көрініс табады.

Жасы он екі-он үшке келгенде тұс көріп, би әкесіне барып: «Атаке, қой шетінде түнде жатып, тұс көрдім. Қос өркеші баладай ақ түйеге мініп алыштын. Боз түйе шекпен екен үстімдегі кигенім. Ақ тәбе жерге шығып алыштын. Ақ қомузды қолга алышп, шертіп жаткан екемін. Ақ тәбені қоршаган қазақ, қырғыз қалың ел қобыз шерткеніме тегіс ырза болып, қошаметтеп, батасын беріп жатты», - деп түсін айтады. Әкесі: "Түсің тұс келсін, зобалаңың зор болсын. Жаманың тұс көргені де жаман, жүр солай, салбар», - деп, Арстанбекті үйден қуып шығады.

Арстанбек 16 жасқа шыққанда ырчы катары елге таныла бастайды. Ел арасында жыр жырлап, қомуз тартып құн көреді.

Осылай жүрген күндерінің бірінде қырғыз жерін билеп тұрған Андижандағы Алымбек датқа бір іске кінәсі бар Бойлош би бастаған қырғыздың Тынымсейт руының біраз адамдарын Андижанға айдал алып келу үшін сарбаздарын жібереді.

Алыс елдерді бір көруге аңсап жүрген Арыстанбек әкесіне келіп өзін де ала кетуді өтінеді. Бірақ: «Біз тойға бара жатқан жоқпыз», - деген жауап алады, бірақ күндес шешесінің балаларының малынан бір құнанды ұрлап мініп, жасырын Андижанға бет алғандардың соңына ереді. Барған соң абақтыға жабылған әкесі мен туыстарында жұмысы болмай сол мандағы қырғыз айылдарын аралап қомуз тартып, жыр жырлап, аз уақытта бар қырғыз елді мекеніне танымал бола бастайды.

Ел арасында қомузды шебер ойнайтын, жырласа бұлбұлдай сайрайтын жас қырғыз жігіті жүр деген хабар Алымбек датқаға жетіп нөкерлерін жіберіп іздетіп, тауып алады.

Қасына жинаған жақындарымен өзінің қомузшыларын тамашалап отырған Алымбек датқаға Арыстанбекті алыш келісімен ол өз қомузшыларының тартқан күйін жас жігіттің қайталап шертуін бұйырады. Датқа тапсырмасын мұлтіксіз орындаған Арыстанбек бір сәт өз күйін тартып оны қайталауды датқаның күйшілерінен өтінеді. Олардың еш қайсы Арыстанбек күйін толық тарта алмай женіліске ұшырайды. Осылай ол Сүйінбай айтыста тіліне тиек ететін Андижан, Қоқан, Наманган, Маргелан жеріне аяқ тірең, бірнеше жыл алдына жан салмаған қомузшы, ыршы болады.

Өзі мен шешесіне жасаған киянатына қарамай Алымбек датқаны көндіріп әкесі мен руластарын босатқызып, еліне қайтарады.

Алымбек датқаның қасында біраз жыл жүріп дүние, мал жиып алыш датқаның рұқсатымен және ол сыйлаған қыруар олжаман еліне қайтады. Сүйінбай тілге тиек ететін ала шапан, көк шапан, көп шапан осының айғағы.

Абақтыдан босап келген руластары жеткізген оның данкы қырғыз еліне тез тарайды, ыршыны зор құрметпен тосып алады. Қырғыз жерінде ешбір ұлken той, ас Арыстанбексіз өтпейтін жағдайға жетеді. Қырғыздар қазактармен бас қоса қалса да Арыстанбекті қалдырмауға тырысады. Осылай ол қазақтың Сүйінбай, Қантарбай секілді жыр жүйріктерімен айтысады.

Арыстанбек елге келген соң Сарыбағыш руының жеріне жақын қоныстанады, бірақ 1848 жылдардан кейін Бұғы мен Сарыбағыш руларының арасы шиеленісе бастаған соң алдымен Ыстық-Көлге, 1850 жылдары Боронбай манаптың еліне, Жетіегізге көшіп келеді. Яғни Арыстанбек Қоқан қысымын, Кенесары мен қырғыздар соғысын, патшалық Рессейдің қырғыз жерін отарлауды өз көзімен көреді. Соңғы оқиға оның 1852-1870- жылдары жазған «Тар заман» атты дастанында толық суреттелген.

Арыстанбек Сүйінбай мен Қатағанды айттысының ішінде болған, Орман хан мен Жантай батырдың Қатағанды білдірмей алғып келіп қазақтардың сағын сындырмақ болған әрекетінің күәгери.

Нарыннан шыққан Қатағанды арнағы алғып келіп, сол кездері аты шыққан Арыстанбекті Боронбайдың адамы ретінде сырт қалдыру қырғыз ханының Боронбайға сенбегендігінің де белгісі.

Арыстанбек «Кожжас», «Тәстік», «Бердикожа жалғызыым», «Чоро», «Бес қазак» дастандарын, «Манастың» «Көкөтайдың асы» үзіндісін жылаумен де аты шыққан жыршы, бес жүзге жақын күй тартып, «Арстанбектің арман күйі», «Кербез», «Солтон сары», «Кетбұға», «Ат чубатар ботай» және т. б. екі жүздей күй шығарған күйші де болған.

Арстанбек Бойлошұлы 1878-жылы [Нарын облусунда](#) каза болып, Ыстық-Көлдің теріскейіндегі Чычкан елді-мекеніндегі Ташқия бейтіне жерленген

Ақынның Нарын облысында тұрды деген дерек жоқ, бірақ зерттеушілердің барлығы сонда қайтыс болғанын жазады.

Арыстанбектің өмір тарихынан көріп отырғанымыздай ол Сүйінбайды, қазақ елінің тарихи оқиғаларын, жыраулардың толғауларын жақсы білген. Оның бір ғана мысалы ақынның «Кетбұға» дастанын шығаруы.

Сүйінбай мен Арыстанбектің айттысының жарияланған үш нұсқасын салыстыра отырып біз Ә. Карғабаев, Ә. Нұрлыбаев нұсқаларында көптеген қоспалары бар екенін байқадық.

Сүйінбай мен Арыстанбек айттысы қазақ ақынның қырғыз манаптары мен ханымен сәлемдесуден басталады. Бұл Сүйінбайдың барлық айттысында қолданатын әдісі десе де болады. Қарсыласына, не отырған көпшілікке сәлемдесіп отырып, Сүйінбай барлау жасайды.

Жүйрік ақын Сүйінбай жыр бастаған,
Тастақ ұрып, арғымақтай бой тастаған
Хан Орман, Қара Бәйтік, батыр Жантай...

Басыңа кидің бөрік қызыл алтай, - деп бастап, бірсесе Қатағанмен, бірсесе Арыстанбекпен айттыстары деп жүрген нұсқаларда көшіп жүрген қырғыз манаптарынан тілеу жыр жолдарын төге жөнеледі:

Осы отырған манаптар,
Айтқан сөзді жаратар,
Ер тоқымы алтыннан,
Бір ат бергін мінерге.
Алтын шапан жабарсын,
Әсем етіп киерге, - деп төге келіп:
Өздерің біліп қосарсың,
Тағы да болса қалғаны, - /5, 387-388/ деп тоқтайды.

Бұны айтқанда өзінің басы қыргызға сыймай жүрген Орман ханның, Кенесарының қаны мойнында жүрген Жантай батырдың, олардың соылын соғып жүрген Қара Бәйтіктің тілегенін бере алмасын Сүйінбай білмеді деу мүмкін емес. Бұл шабуыл, қарсыласының аузына сез салу. Бұл қақпанға Арыстанбек өзі келіп түседі:

Ау, Сүйінбай тоқтағын,
Әлсіздің сөзін қозгадың,
Мойныңа дорба асынып,
Алақан жайған тазбысын./
Іршылығың пәс пе еді?
Кеше Алыбайдың асында,
Хан Боронбай басында,
Ақылмандар қасында,
Бел ауыртпай бәйге алып,
Құнығып қалғанға ұқсайсын, - /5,389/ деп қобызын безілдете жырлай жөнеледі.

Иа, Арыстанбек Сүйінбай мен Қатаған айтысын Боронбай өткізгенін, оны хан дегенінен білдірсе, көптігімді айтам деп құлаған, екі орамға келмей женілген Қатағанды еске салып, Арыстанбек онай жаңғақ емес екенін білдіреді.

Арыстанбектің төре тұқымдарының Абылайдан тарта тарихын жете зерттегенін, қазактың осал жері Кенесары мен Наурызбайдың қыргыз қолынан қаза табуы екенін білгендігі айтыстың келесі жолдарында анық көрінеді.

Арыстанбек Сүйінбай сұраған нәрселердің бәріне тоқтала келе қазакты кемсіте, төрелерге тисе келе:

Қыргызға қырғын салам деп
Абылай хан бізге жармасты,
Бегімжан сұлуғашығы,
Белгілі қылған осыны, - деп Абылайға бір тисіп алып, ауызды тереңірек салады.
Абылай құлдың тұқымы,
Кенесары, Наурызбай,
Кесірлі шықты осылай,
Көрші жатқан қырғызды,
Жөн, жайына қойыспай,
Қылышын қанға қандаған,
Арам қалмақ тұқымы,
Кімге азап салмаған.

Оны да аз көріп, Сүйінбайды біржолата тұқыртып алу мақсатында:

Сарбағыш, Солто бірігіп,
Жантай, Бәйтік бас болып,
Орман қолды бастаған,
Жаулаймын деп келген Кененің,
Басын кесіп тастаған,
Наурызбайдай батырдың,
Жұлдының жұлдып сабынан,

Жүргегін суырып қабынан, - деп Сүйінбай емес, бар қазақ көтере алмайтын ауыр сезді жүйткіте жөнеледі.

Арыстанбек бұл жолдарды жай сез көрсету, қазақ ақынын тұқырту үшін айтып отырған жоқ. Абылайдың шешесі түрікпен құлдың қызы болғанын және Бұқар жыраудың:

Ай, Абылай, Абылай,
Он бір ғана жасында,
Әшейін-ақ ұл едін.

Он бес жасқа келгенде,
Әбілмәмбет төрениң
Арқада жүріп қанғырып,
Түйесін баққан құл едің, - тоғауын, Абылайдың қырғыз жеріне жасаған шабуылын біліп, зерттеп, содан өзіне керекті деректерді тілге тиек етіп отыр.

1754-1755 және 1764 жылдары қырғыздар Жетісудың біраз ауылдарды басып алып, кейін, Абылай бастаған қазақ батырлары Ақсу, Кексу, Шу бойында қырғыздармен соғысып, көп ұзамай Ілеңің сол жағасын, Шу бойын қырғыздардан тазартқанын, қазақ пен қырғызының Нарынқолдан Қордайға дейін тартылған шекарасы жорықтың нәтижесі екенін білмей отырған жоқ, тек өзіне керекті, Абылайдың қырғыздарға шабылуын, қырғыздардың қырылуын алға тартып отыр.

Бұл Арыстанбектің Сүйінбаймен айттысуға жан-жақты даярланып келгенін көрсетеді. Сондай-ақ қазақтар алдында қазақ сұлтандарының өліміне кімнен келгенін де ашық айтады. Бұл Ормон хан мен Жантай батырға қарсы Боронбай саясаты.

Арыстанбек өз сөзінде тек қазақтарға қарсы білгенін айттып қана қоймайды, өзінің керемет ақын, сайраған бұлбұл екенін де көрсете біледі. Ол өзінің ақындығын, жеткен жетістігін Сүйінбайға сес етіп:

Арыстанбектей ақынды,
Әр санат сөзге жақынды,
Аңғарып алшы кім болған?
Белсеніп жырлайды Арыстанбек./
Көп ақынмен айттыстым,
Көп ішінде тартыстым,
Комуз күйі жағынан,
Еш кім менен өткен жоқ,

Ешбір ыршы жыққан жоқ, - /5, 396/ деп төге жөнеліп, жеріне жеткізген шығармын, тағы айтарың бар ма деп тоқтайды.

Арыстанбек ырын тындаған Сүйінбай да андығанын, өзіне керек жерін тапқандай жырға кезек береді.

Тектімін деген Арыстанбектің «салбар» текстіз ақын екенін, мені құлдың баласы десен сен «қырық қыз бен қызыл иттен» тумап па едің деп ежелгі қырғыз фольклорындағы қырғызының туу тарихы мен жоғарыда Арыстанбектің өмір тарихындағы Арыстанбек үшін келенсіз жайларды алдына тартады:

Ау, Арыстанбек не дейсің?
Сөзге кезек бермейсің,
Тектімін дейсің, Арыстанбек,
Тегінді жақсы білемін...
Қырғызың бар ма атасы?
Қызыл иттен таралған,
Қырық қыз сенің көрөңгөн, - деп бір қайырып алып:
Бай баласы болсан да,
Би үйіне сыймаған,
Бидің төрін баспаған,
Сен салбардан туған ғаріпсің, - деп жалғастыра келіп, өзінің тегін сұраған Арыстанбекке:

Тегінді айтып мақтандың,
Мені текстіз деп айтып қаптадың.
Ата тегім менің жыр болған,
Жыр менен күйге пір болған.
Сендерде Қабандай жыршы кім болған,

Бақ дарыған бабамның,
Басқан жері сыр болған,
Барған жері жыр болған,
Тегімде бар жыршылық, - [5, 399-400] деп өзінің тегі, нағашысы ұлы жырау
Қабанға барып тірелетінін айтып жауап береді.

Бұдан әрі Сүйінбай Арыстанбек қу тіршілік үшін датқалар мен манаптарды
мақтап жинаған сары, көк шапандары мақтауға тұрарлық емес екенін бетіне басады
және өзінің де осал ақын еместігін:

Көпті көрген Қатаған,
Көп жыршыны матаған,
Көп сөздің басын шатаған,
Оған мойын бұрмастан,
Домбыраны қолға алып,
Толғап-толғап бұрадым,
Толған сөзді құрадым,
Бір алланы панарап,
Артықтығымды дарарап,
Көк түйғынша самғадым,
Көпшіліктің ішінде,
Құтты сөзді көп айтып,
Шалқасынан салғанмын,

Онда Арыстанбек қайда едін? - [5, 401-402] деген жолдармен сырғытып өтіп,
Арыстанбектің кей кінәларын бетіне баса отырып, өзі үшін ауыр сұраққа жауап беруге
көшеді.

Ол Абылай, Кенесары, Наурызбайға байланысты тақырып. Сүйінбайдың
көрегендігі, ақыл мен айласы ақындық ерен талантына сай екенін осы мәселеге
байланысты айтқан жауап жыр жолдарынан нақты көруге болады.

Ол байбалам салатын, тырнақ астынан кір іздейтін, маған ауыр сөз айтты екен деп
қарсыласына аузына келгенін айтатын ақындардай емес, өз бигінен жыр толғайды:

Елі бардың ері бар,
Ері бардың бегі бар,
Айтар сөздің жөні бар,
Халқы бардың ханы бар,
Қанышер кәпір болмаса,
Қастерлі жұртта парқы бар,
Қаптап қалың жау келсе,
Халқының намысын сақтаған,
Әрбір ердің нарқы бар,
Айтқаныңда өтірік жоқ...
Батырдың да халқы бар,
Откеннен сөз бастасан,
Шындық сөзден қашпасан,
Касиетті қалың қазакта,
Қырғыздың да кегі бар
Мақтаныштың да шегі бар, - деп бір қайырып алып, негізгі мәселеге көшеді.
Абылай ханның шабуылы,
Талайдың қалған есінде.
Кенесары, Наурызбай,
Қырғыздардан өлді деп,
Корлықты бізден көрді деп,

Артық сөз айтып есірме,

Басың қалар кесірге, - деп төкпелей келе, Арыстанбекті риторикалық сұрақтың астына алады:

Хан бұзылса жау болад,
Сел қаптаса жер көшед,
Жау қатпаса ел көнед,
Оның несін айтқандай,
Заманнан бері осындай.
Әлсіз адам үйде өлед,
Жоқ іздеген жолда өлед,
Арсыз адам күнде өлед,
Ер азamat жауда өлед,
Ажал жетсе ханда өлед,
Бар ғаламды тергеген,
Ақ пайғамбар ол да өлед,
Қызыл тілін сайратқан,
Қалың жұртты жырғатқан,
Сүйінбай, Арыстан ол да өлед.
Бәрі бүтін, басы аман,
Бір құдайдай сөйлейсің,
Алланың жолын білмейсің,
Шейт өлім болмаса,
Сенің қайда Манасың? [3, 404]

Іә, Кене мен Наурызбай өлсе ол да бір алланың құдреті, дүниені дүр сілкіндірген Манас қайда, өлмесе, Арыстанбек?

Арыстанбекке бұдан артық қандай жауап керек? Далярлап келген үш уәжі де тойтарыс тапты, сөз қадірін білетін ақын да, тыңдаушы да бұдан әрі сөз біткенін туғынды.

Сүйінбайдың қарсылас ақынына көркемдігі әсерлі тіркестермен төпелей жауап беру сөздері нәтижесін береді. Сөз сайысының нәтижесінде ақындық шабыттың, лирикалық толғаныспен өрілуі, айтыс шумактарының тікелей арнау түрінде жырлануы Сүйінбай ақынның аруағын асқақтата түсті, Арыстанбектің психологиялық жағдайын әлсіретті, біржола тізе бүктіреді.

Қатағанмен айтыста қырғыз Қара Бәйтігі женісті Сүйінбайға берсе, ойлаған ойына жеткен, Орман хан мен Жантай батырды Тезек төренің алдында жерге қаратқан Боронбай манап Арыстанбек ақынның жерге қаратта алмайды, қолын көтеріп, айтысты тоқтатып екі ақынға бәйгені бөліп береді.

Тілегін Боронбайдан да, Тезектен де еселеп алған, осы кездін тілімен айтсак сөзінің құнын алған, қырғыздың тағы бір ақыннымен ерен айтысқа түскен Сүйінбай да, кешегі Қатағандай ақынды женғен Сүйінбаймен терезесі тең дәрежеде айтысты деген атақ алған Арыстанбек те, қырғыз-қазақтың татулығына дақ түспегеніне шүкіршілік еткен қалың халық та риза еді.

Әдебиеттер:

1. Жабаев Жамбыл. Екі томдық шығармалар жинағы [Текст] / Жамбыл Жабаев. - Т.1. - Алматы: Жазушы, 1982. - 336 б.
2. Үйбрайым, Б. Сүйінбайдың қырғыз Бағыш ақынмен айтысы [Текст] / Б. Үйбрайым // Қазақ әдебиеті. -16. 10. 2015. - № 40.
3. Кебекова, Б. Қырғыз казак ақындарының чыгармачылық байланышы [Текст] / Б. Кебекова. - Фрунзе, 1985. - 237 б.

4. Сүйінбай Аронұлы. Толық шығармалар жинағы [Текст] / Сүйінбай Аронұлы. - Алматы: Әдебиет әлемі, 2015. - 552 б.
5. Жолдасбеков, М. Асыл арналар [Текст] / М. Жолдасбеков. Алматы: Жазушы, 1990. – 352 бет.
6. Садырбаев, С. Өлең – сөздің жарық жұлдызы. Китепте: Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары [Текст]. - Алматы: Білім, 1996. - 152 б.
7. Джамгерчинов, Б. Киргизы в эпоху Ормон-Хана [Текст] / Б. Джамгерчинов. - Бишкек, 1998. - 239 с.
8. Семенов, Т. О своем путешествии в Среднюю Азию [Текст] / Т. Семенов // Простор. - № 1. - 2014. - С.171-178.
9. Чоротегин, Т. Боромбай Менмурат уулунун доорун калыс иликтөө зарылдығы [Текст] / Т. Чоротегин. // "Кутбилим". -13. 02. 2015.